

Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабаев атындағы бастауыш мектеп

Қазақстан- Республикам менің!



Дайындаған: Сабинова К

2025-2026 оқу жылы

«Қазақстан – Республикам менің»

Мақсаты: Оқушыларды Отанды сүйуге, рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу.

-Қазақстанның тәуелсіздігі, рәміздері, табиғаты туралы мағлұмат беру.

-Патриоттық сезім қалыптастыру.

1-жүргізуші: (Мұхаш)

Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар!

Бүгінбіз Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең маңызды мерекелердің бірі – Республика күніне арналған «Қазақстан – Республикам менің» атты тәрбие сағатымызды бастаймыз.

2-жүргізуші: (Раяна)

Бұл күн – халқымыздың ел болып қалыптасуындағы тарихи сәт. 1990 жылдың 25 қазанында Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Содан бері бұл күн – халқымыздың мақтанышына айналған мереке.

1-жүргізуші: Мұхаш

Әрбір елдің өзіндік қасиетті белгілері болады. Ол – Туы, Елтаңбасы, Әнұраны.

2-жүргізуші: Раяна

Қане, барлығымыз орнымыздан тұрып, Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайық.

Әнұран орындалады

1-жүргізуші: Мұхаш

Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Отанға деген сүйіспеншілік – жүректен басталады.

(ВИДЕОРОЛИК)

2-жүргізуші:

Олай болса, оқушыларымыздың жүрек жарды жыр-шумақтарына кезек берейік.

Оқушылар тақпақ айтады: Алихан, Мақсат. Көркем. Аян. Нұрым).

1-жүргізуші:

Елімізде бейбітшілік орнаған, достық пен татулықтың мекені болған Қазақстанды өнерімен өрнектеген балаларға қошемет көрсетейік!

Ән орындайтын: Әбдірахман Көркем «Қазақстаным»

1 жүргізуші: Мұхаш

Кезекті оқушыларымыздың тақпақтарына береміз
Айбын. Заңғар. Айзере. Б. Әлинұр. Нұрәлем

2жүргізуші:Раяна

Қазақстан халқы,қазақ жерінде мемлекет құра отырып,өзімізді еркіндік,теңдік,татулық,бейбітшілік,азаматтық қоғам деп қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілікті негізге алып,Ата заң-Конституциянықабылданды.Ал Астана қаласы 1997жылы желтоқсанның 10-нан бастап Қазақстан мемлекетінің Елордасы атанды.

1-жүргізуші:Мұхаш

Келесі кезекте қыздарымыздың биіне береміз

1-жүргізуші:Мұхаш

Бірлік,татулық,ынтымақ!

Халық осы үш ұғымның қадірін жақсы біледі.Қазақстан Республикасы жүздеген ұлт пен ұлыстың басын біріктіріп,ынтымағын жалғастырып отырған Ұлы мемлекет.

Тақпақтар: Аят. Қ. Раяна. Абылай. Айдын. С. Айбар. Т. Алинұр

2-жүргізуші Раяна

Біздің Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздікке тән белгілері Ту. Елтаңба.
Әнұран

Біздің мемлекеттік туымыз-алтын күн алаулаған зеңгір көк аспан түстес.Сол зеңгір аспанның аясында баяу қалықтаған дала бүркіті. Арман арқалаған алтын бүркіт қазақтың қыран көңілін биікке алып шыққандай көрініс береді.

Ал елтаңба-Қазақ өмірінің ұлы белгісі шаңырақтан тараған. Таң шапағатындай уықтар арасындағы ақмүйізді,алтын қанатты ғажайып пырақтар халқымыздың болашаққа ұмтылған асқақ арманының нышаны.
Келесі кезекте Ән:орындайтын Мейрамбек Раяна

Тақпақтар: Сұңқар. Айбар. Байсал

2-жүргізуші: Райна

Балалар, еліміздің егемендігі қалай келгенін, тәуелсіздік үшін күрескен ата-бабаларымыздың ерлігін ұмытпауымыз керек.

1-жүргізуші:

Қазақстанның болашағы – білімді ұрпақ қолында. Біз тәуелсіз елдің ұл-қызымыз.

2-жүргізуші:

Сол себепті біз Отанымызды мақтан тұтамыз, ел намысын қорғаймыз, адал еңбекетеміз.

Ән: «.....» (хор болып орындалады).

1-жүргізуші:

Қымбатты қонақтар! Бүгінгі «Қазақстан – Республикам менін» атты тәрбие сағатымыз осымен аяқталды.

2-жүргізуші:

Баршаңызды Республика күнімен құттықтаймыз! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Тілексерілді
Алға
22.10.2025

Түркістан облысы
Шардара қаласы
№2 Ж.Жабасев атындағы бастауыш мектеп

Мен Отаныммен мақтанам!



Дайындаған: Алшериева А.

2025-2026 оқу жылы.

Тақырыбы: «Мен Отаныммен мақтанамын!»

Тәрбие сағатының мақсаты:

а) Балаларға тәуелсіздік туралы түсіндіру. Қазақстан Республикасының басты жетістіктерімен таныстыру, патриоттық, отаншылдық сезімін оят, елін, жерін, құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Тақырып, әнұран, суреттер.

Кіріспе бөлім:

Барысы:

Тәрбиеші: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар мен балалар! Бүгін біз сіздермен "Мен Отаныммен мақтанамын!" атты тәрбие сағатымызға бастаймыз.

Тәуелсіздік біздің ең басты бақытымыз. 1991 жылы 16 желтоқсан - тарихтағы ұлы күн. Бұл күн Қазақстан өзінің тәуелсіздігін жариялады. Азаттық еркіндік бұл қазақ халқының ежелгі арманы еді. Азаттық үшін күресте талай қиынлықты бастан кешті. Бірақ, ешқашан ла мойымалы. күресе білді. Тәуелсіздік. қандай қасиетті, ұғым. Тәй-тәй басқан шағынан бастап талай-талай қиындықтарға қарсы тұрған. Тәуелсіздіктің бізге бергені ұшан-теңіз, әліде берері тіпті мол.

Әнұран аңту:

Бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы: Мен Отаныммен мақтанамын.

-Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне нелер жатады?(ту,елтаңба,әнұран)

-ҚР-ның елтаңбасының авторлары кімдер?(Ш. Уәлиханов,Ж.Мәлібеков)

-ҚР-ның Конституциясы қашан қабылданды?(1995 жыл 30 тамыз)

-ҚР-ның туының авторы кім?(Шәкен Ниязбеков)

-ҚР-ның рәміздері қашан қабылданды?(1992 жыл 4 маусым)

Рәміз-мемлекеттің «мемлекеттілігін» мәлім ететін нышан.

Рәміз –ел болашағы саналатын ұрпаққа мұра боп қалар құндылық.

Рәміз-мемлекетті әлемдік деңгейде танытатын бірден-бір белгі.

Рәміз- сарғайған тарих беттері мен мұрағаттарға хатталар ұлағат.

Тәуелсіздік туралы тамақтар.

Сарқылмайтын қуатым

Тірегімсің Қазақстан

Мәңгі соғып тұратын

Жүрегімсің Қазақстан

Көрініп тұр қанатты жайғанымыз,

Бейбіт өмір, береке айғағымыз.

Бар әлемге танылды қазақ елі,

Желбіреген қыранды байрағымыз.

Туымызға нұр шұғылалы алтын күн бейнесі, қыран көңіл халқымыздың асыл арманын арқалаған дала бүркіті мен рухани болмысымыздың жарқын бір көрінісі болып табылатын ұлттық өрнек бейнеленген. Ортасында шұғылалы күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген тікбұрышты көгілдір түсті мата. Оған қоса, Туды сабының тұсынан ұлттық өрнек нақышталған тік жолақ көктем етеді. Күн, шұғылалы қыран және өрнек бейнелері де алтын түсті болуы керек.

Елтаңба-қара шаңырақ-біздің ұлттың алтын бесігі. Қазақтың қасиетті қара шаңырағының бейнесі бүгін қазақ елінің нышаны іспеттес.

Асыл діншек аман болса, алтын бесік мәңгілік өмір жырымен тербеле береді.

16 желтоқсан - Тәуелсіздік алған күн,
Ерекше боп ел жадында қалған күн,
Жасай берсін ұлы күн үміті боп елімнің,
Желбіресін көк туы-нағыз көркі жерімнің.

Қорытынды: Сондықтан басты құндылығымыз - Тәуелсіздігіміз! Сол үшін де бүгінгі жас ұрпақ Тәуелсіздігімізді ардақ тұтып, қадірлей білгені абзал. Бүгінгі Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған. «Тәуелсіздік тұғыры биікте» атты ашық тәрбие сағатымызды осымен аяқтаймыз. Тәуелсіздігіміз - міңгі болғай!

